# Астана қаласында қалалық және аудандық соттар құру, Ақмола қалалық сотын тарату және Қазақстан Республикасы судьяларының санын ұлғайту туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. 1998 жылғы 11 шілдедегі N 4010

"Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 20 желтоқсандағы Конституциялық заң күші бар N 2694 Жарлығының 10-бабының 1 және 2-тармақтарына, 11-бабының 2-тармағына, 15-бабының 1 және 2-тармақтарына сәйкес және Астана қаласының әкімшілік аумақтық құрылысындағы өзгерістерге байланысты қаулы етемін:

1. Астана қаласында:

1) облыстық сотқа теңестірілген қалалық сот - Астана қалалық соты;

2) Алматы және Сарыарқа аудандық соттары құрылсын.

2. Ақмола қалалық соты таратылсын.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі бір ай мерзімде:

1) ғимараттар бөлуді қамтамасыз етсін;

2) осы Жарлықпен құрылған соттарды қаржыландыру және материалдық-техникалық қамтамасыз ету мәселелерін шешсін;

3) осы Жарлықтан туындайтын өзге де шаралар қолдансын.

4. < * >

Ескерту. 4-тармақ алып тасталды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2002.03.21. N 825 жарлығымен.

5. Қазақстан Республикасының Әділет министрі бір ай мерзімде:

1) осы Жарлықпен жаңадан құрылған соттардың кадрлар құрамы туралы ұсыныстарды Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізсін;

2) осы Жарлықтан туындайтын өзге де шаралар қолдансын.

6. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

7. Осы Жарлықпен жаңадан құрылған соттардың жұмыс істеуі үшін қажетті жағдайлар жасалуына қарай, бірақ 1998 жылғы 1 қыркүйектен кешіктірілмей күшіне енетін 1 және 2-тармақтарын қоспағанда, осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК